

А.Ж. МҮЛКАМАНОВА¹ , Б.С. КАРАГУЛОВА² ¹PhD докторант, Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университеті

(Қазақстан, Ақтөбе қ.), e-mail: aigerim_mulkaman@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік университеті

(Қазақстан, Ақтөбе қ.), e-mail: bkaragulova@mail.ru

УАҚЫТ ҰҒЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МӘДЕНИ КОД РЕТІНДЕГІ СИПАТЫ (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалы негізінде)

Аңдатпа. Мақалада қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі уақыт ұғымына байланысты фразеологизмдер қарастырылған. Уақыт ұғымына байланысты тұрақты тіркестердің құрамында танылатын экстралингвистикалық факторлар – фондық білім мен мәдени ассоциация. Уақыт ұғымына байланысты фразеологизмдерді семалық талдау қазақ, орыс, ағылшын тілдерін салғастыра зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында уақыт ұғымына байланысты тұрақты тіркестер интегралды сема, дифференциалды сема деп ажыратылды. Мақаланың нысаны – І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы уақыт ұғымына қатысты фразеологиялық бірліктер. Көркем туындыны талдау барысында қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі мағыналас тұрақты тіркестер қатары интегралды сема аясында дәлелденеді. Дифференциалды сема негізінде әр тілдегі фондық білім ерекшеліктері анықталады. Тұрақты тіркестерді семалық, мағыналық топтарға жіктеу арқылы әр этностың мәдени, тілдік ерекшеліктері талданады. Мақалада қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау барысында салғастырмалы әдіс; фразеологизмдердің дефинициясын талдау барысында лексикографиялық әдіс; уақытқа қатысты фразеологиялық бірліктерді мағыналық талдауда семантикалық әдіс және олардың пайда болу жолдарын анықтауда этнолингвистикалық әдіс қолданылды. Жүргізілген зерттеудің құндылығы фразеологизмдерді «мәдени код» ұғымы аясында талдаудан көрініс табады. Ұлттық дүниетанымдағы уақытқа байланысты фразеологизмдер «мәдени код» ретінде фондық білім ретінде анықталады. Зерттеудің практикалық мәні көркем туындыдағы уақытқа байланысты фразеологизмдердің мынадай қызметтерінен анықталады: 1) ұлттық таным көрінісі; 2) мәдени ассоциация; 3) мағыналық қатарлар.

Кілт сөздер: фразеологизмдер, мәдени код, сема, интегралды сема, дифференциалды сема, фондық білім.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Мүлкаманова А.Ж., Карагулова Б.С. Уақыт ұғымына байланысты фразеологизмдердің мәдени код ретіндегі сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалы негізінде) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 219–231. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.246>

*Cite us correctly:

Mulkamanova A.Zh., Karagulova B.S. Uaqyt ugymyna bailanysty frazeologizmderdin madeni kod retindegi sipaty (qazaq, orys, agylshyn tilderi materialy negizinde) [The Nature of Time-Related Idioms as A Reflection of Cultural Code (Based on The Material of Kazakh, Russian and English Languages)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – B. 219–231. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.246>

A.Zh. Mulkamanova¹, B.S. Karagulova²¹*PhD Doctoral Student, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov
(Kazakhstan, Aktobe), e-mail: aigerim_mulkaman@mail.ru*²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Aktobe Regional University named after K. Zhubanov
(Kazakhstan, Aktobe), e-mail: bkaragulova@mail.ru***The Nature of Time-Related Idioms as A Reflection of Cultural Code
(Based on The Material of Kazakh, Russian and English Languages)**

Abstract. The article deals with phraseological units related to the concept of time in Kazakh, Russian and English languages. Non-linguistic factors that are taken into account when creating stable expressions related to the concept of time are background knowledge and cultural associations. Semantic analysis of phraseological units related to the concept of time allows conducting a comparative study of the Kazakh, Russian and English languages. During the study, stable expressions related to the concept of time were divided into integral terms and differential terms. The subject of the article is time-related phraseological units from the trilogy “Nomads” by I. Esenberlin. During the analysis of the work of art, a number of stable, synonymous word combinations in Kazakh, Russian and English languages within the framework of the overall theme are established. On the basis of differential semantics, the peculiarities of the background knowledge of each language are determined. Cultural and linguistic features of each ethnic group are analyzed by classifying stable expressions into semantic and semantic groups. The methodology of the research article consists of the comparative method to identify the similarities and differences of Kazakh, Russian and English idioms; a lexicographical method to analyze the definition of idioms; a semantic method in analyzing time-related idioms, and an ethnolinguistic method to determine the origin of phraseological units. The value of the conducted research lies in the analysis of phraseological units within the framework of the concept of “cultural code”. Phraseologisms related to time in the national picture of the world are defined as background knowledge, as “cultural code”. The practical significance of the study is determined by the following functions of phraseological units related to time in the artistic work: 1) expression of national knowledge; 2) cultural association; 3) semantic row.

Keywords: phraseologism, cultural code, sema, integral sema, differential sema, background knowledge.

А.Ж. Мулкаманова¹, Б.С. Карагулова²¹*PhD докторант, Актыобинский региональный университет им. К. Жубанова
(Казахстан, г. Актобе), e-mail: aigerim_mulkaman@mail.ru*²*кандидат филологических наук, доцент
Актыобинский региональный университет им. К. Жубанова
(Казахстан, г. Актобе), e-mail: bkaragulova@mail.ru***Фразеологизмы, связанные с понятием времени как проявление культурного кода
(на материале казахского, русского, английского языков)**

Аннотация. В статье рассматриваются фразеологические единицы, связанные с концептом времени в казахском, русском и английском языках. Внеязыковые факторы, которые учитываются при составлении устойчивых выражений, связанных с концепцией времени – это фоновые знания и культурные ассоциации. Семантический анализ фразеологизмов, связанных с концептом времени, позволяет проводить сопоставительное исследование казахского, русского и английского языков. В ходе исследования устойчивые

выражения, связанные с понятием времени, были разделены на интегральные семы и дифференциальные семы. Объект статьи – фразеологические единицы связанные с понятием времени из трилогии И. Есенберлина «Кочевники». В ходе анализа художественного произведения обосновывается ряд устойчивых, синонимичных словосочетаний на казахском, русском и английском языках в рамках целостной семы. На основе дифференциальной семантики определяются особенности фоновых знаний каждого языка. Путем классификации устойчивых выражений на семантические и смысловые группы анализируются культурные и языковые особенности каждой этнической группы. В статье были применены следующие методы: при определении сходств и различий фразеологизмов казахского, русского и английского языков сопоставительный метод; при анализе дефиниции фразеологизмов лексикографический метод; для семантического анализа использовался семантический метод, а для определения образования фразеологизмов был применен этнолингвистический метод. Ценность проведенного исследования заключается в анализе фразеологизмов в рамках концепции «культурного кода». Фразеологизмы, связанные со временем, в национальной картине мира определяются как фоновые знания, как «культурный код». Практическая значимость исследования определяется следующими функциями фразеологизмов, связанных со временем в художественном произведении: 1) выражение национальных знаний; 2) культурное объединение; 3) смысловой ряд.

Ключевые слова: фразеологизмы, культурный код, сема, интегральная сема, дифференциальная сема, фоновые знания.

Кіріспе

«Мәдени код» ұғымы В.В. Красных, Н. Уэли, Р. Барт, А.И. Кравченко, К. Рапай, Ю.М. Лотман сынды зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Аталған зерттеушілер «код» ұғымын мәтінмен, семиотикалық кеңістікпен байланыстырады. «Мәдени кодты» түсіну танымдағы құрылымдарды көрсетеді. Зерттеушілер А.П. Мыңбаева, А.Б. Кудасбекова «мәдени код» ұғымының мәдени тіршілік феномендерімен байланыста анықталатын әлем фрагменттерінің бейнесі екенін айтады [1, 136-б.]. Осы негізде «мәдени код» деп отырғанымыз ұлттың ауызша, жазба мәдениетін түсіну деп анықталады. Сонымен қатар сол халықтың материалдық, рухани әрекетінің сөзде танылатын мағынасы мен белгілері «мәдени код» деп танылады.

«Мәдени код» ұғымы Э. Сепирдің тіл мен мәдениеттің байланысы жайлы теориясына негізделген. Анықтап айтатын болсақ, тілсіз мәдениет, мәдениетсіз тіл болмайды. Халықтың рухани, материалды қажеттіліктері мәдениетте көрініс табады. Осыған сәйкес «мәдени код» тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын көрсетеді. «Мәдени код» арқылы этностың мәдениеті, тұрмысы, әдет-ғұрпы, тіршілігі айқын көрінеді. Мақалада «мәдени код» ретінде фразеологизмдер алынған. Осы мақсатта І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы тұрақты тіркестер қарастырылды. Зерттеу барысында көркем шығармада көрініс тапқан фразеологизмдер, оның ішінде уақытқа қатысты фразеологизмдер «мәдени код» ретінде айқындалады.

Тіл білімінде фразеологизмдер аккумулятивті қызмет атқарады. Әдеби тілдің дамуы кезеңдерінде қалыптасқан ерекше тілдік бірліктер халық мұрасы, қазынасы саналады. Сонымен қатар ұлт мәдениетінің, көркем әдебиеттің шынайы бейнесі фразеологизмдер арқылы танылады. Сөздік қордың бейнелі сипатын танытуда фразеологизмдердің үлесі зор. Фразеологизмдердің семантикалық құрылымы экстралингвистикалық факторлардан құралады. Осы себептен фразеологизмдерде халықтың тұрмысы, дүниетанымы айқын көрініс табады. Сонымен бірге фразеологизмдер вербалды айтылымдағы ұжымдық сананың,

халық тәжірибесінің, дүниетанымның көрінісі деп те анықталады. Бүгінгі таңда фразеологизмдерді мәдени аспектіде қарастыру өзектілігі туындауда.

Тұрақты тіркестер бүгінгі таңда лингвомәдениеттану саласының аспектісі ретінде қарастырылуда. Аталған тақырып төңірегінде В.Н. Телия, Е.М. Верещагин, В.В. Воробьев, В.Г. Костомаров, Р.Н. Попова, Р. Сыздық, Н. Уәли, Б. Тілеубердиев, А. Ислам, Р.А. Авакова сынды зерттеушілер қарастырған.

Зерттеуші Т.З. Черданцева әрбір тілдегі тұрақты тіркестердің құнды лингвистикалық мұра екенін айтады. Бұған себеп – тұрақты тіркестер арқылы анықталатын ұлттық мәдениет, әлемнің тілдік бейнесі, салт, дәстүр, сенім, тарих сынды ұлттық коннотацияны танытады. Сонымен бірге зерттеуші Т.З. Черданцева тұрақты тіркестер арқылы мәдени ақпарат анықталатынын айтады [2, 25-6].

В.Н. Телия «мәдени коннотация» ұғымын ғылыми қолданысқа енгізген [3, 223-6]. Бұл термин тұрақты тіркестердің, идиомалардың ұлттық-мәдени мағыналарын анықтаудан туындаған. Аталған термин көбіне ұлттық стереотиппен байланысты анықталады. Осылайша қалыптасқан ұлттық стереотиптер арқылы тұрақты тіркестердің, идиомалардың ұлттық колориті айқын көрінеді.

Зерттеудің мақсаты – қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі уақыт ұғымына байланысты тұрақты тіркестерді салыстыра отырып, әр халықтың ұлттық дүниетанымындағы, мәдени санасындағы ерекшеліктерін анықтау, осы арқылы «мәдени кодтың» сипатын ашу. Берілген мақсатқа сәйкес мақаланың негізгі міндеттері мынадай: 1) Мақалада халқымыздың тұрмысын, тіршілігін танытатын уақыт ұғымына байланысты тұрақты тіркестер арнайы қарастырылып отыр. Уақытқа байланысты тұрақты тіркестер этностың тұрмысына, тіршілігіне қатысты ұлттық ерекшеліктерді айқындайды. Осы негізде қазақ, орыс, ағылшын халықтарындағы уақытқа байланысты тұрақты тіркестерді қарастыру көзделді. 2) І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы уақытқа қатысты фразеологизмдерді анықтап, шығармадағы «мәдени код» ретінде қызметін айқындау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Тұрақты тіркестер халықтың сөйлеу тілі аясында қалыптасқан. Осы орайда тұрақты тіркестердің қалыптасуына әсер еткен халық дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі сынды экстралингвистикалық факторлар алдыға шығады. Зерттеуімізде уақытқа байланысты фразеологизмдер қарастырылып отыр. Зерттеу мәселесі І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы уақытқа қатысты фразеологизмдер арнайы қарастырылмауынан көрінеді. Осыған сәйкес уақытқа қатысты тұрақты тіркестер зерттеуімізде көркем шығармадағы «мәдени код» ұғымы аясында қарастырылды. Зерттеудің кезеңдері үш кезеңде жүргізілді: 1. «Көшпенділер» трилогиясындағы уақытқа қатысты фразеологизмдерді анықтау; 2. Тұрақты тіркестер жайлы зерттеушілер пікірлерін саралау; 3. Көркем шығармадағы уақыт ұғымына байланысты тұрақты тіркестердің «мәдени код» ретіндегі қызметін айқындау. Зерттеу материалы негізінде алынған І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының қазақ және ағылшын тіліндегі аудармасы мақаланың корпустық базасы 2604 бетті құрайды.

Мақалада тұрақты тіркестерді зерттеу барысында уақытқа байланысты қазақ, орыс, ағылшын тұрақты тіркестеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау барысында салғастырмалы әдісі, тұрақты сөз тіркестерінің дефинициясын талдауда лексикографиялық әдіс, уақытқа қатысты тұрақты тіркестерді мағыналық талдау барысында семантикалық талдау әдісі, фразеологиялық бірліктердің пайда болу жолдарын анықтауда этнолингвистикалық әдіс негізге алынды. Ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау барысында сипаттау, талдау, саралау, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды.

Тұрақты тіркестер құрылымдық және мағыналық үйлесіміне негізделген сөз бірліктерінен тұрады; ғасырлар бойы ұлттың тарихи санасында сақталған тұрақты тіркестер

ұлттың тарихи жадының көрінісін бейнелейтін тілдік құрал ретінде есептеледі, олар астарлы мағыналар мен бейнелі ұғымдарды жеткізуге қызмет етеді [4, 109-б.]. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер жан-жақты зерттелуде. Интеллект мәнді фразеологизмдер (А.М. Рахимова), гендерлік сипатты фразеологизмдер (Г.К. Кортабаева, Н. Есимбекова), зоонимдік фразеологизмдер (Ж. Оспан, Д. Кенжебаева), мінез-құлыққа байланысты фразеологизмдер (Б.М. Айтбаева, А. Амангелді), окказионал фразеологизмдер (Ж. Абдрахманова), анатомиялық қимыл-қозғалыстарға байланысты фразеологизмдер (М.Т. Жанұзақова, С.У. Жантасова), эмоция мен фразеологизмдердің байланысы (А.К. Кусбатырова) сынды қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеулер бар.

Қазақ фразеологизмдерін зерттеген Г. Смағұлова тұрақты тіркестерді «ментальды бірліктер» [5, 20-б.] деп атайды. Бұған себеп тұрақты тіркестердің ұлт мәдениетін танытып, қазақ халқының мәдени өмірін, тұрмысын көрсетуі болып отыр.

Тұрақты тіркестердің тарихы швейцариялық ғалым Ш. Балли, одан кейінірек А.А. Шахматов, Ф.Ф. Фортунатов, В.В. Виноградов сынды орыс зерттеушілерімен байланысты. Орыс зерттеушілері соңғы жылдары антропоэкеттік парадигманың дамуымен тұрақты тіркестерді «когнитивтік феномен» деп атайды. А.Н. Баранов, Д.О. Добровольский, С.И. Лубенская, В.Н. Телия, Н.Ф. Алефиренко сынды, т.б. ғалымдар аталған бағытта өнімді зерттеулер жүргізген.

Қазақ тіл білімінде ғана емес, орыс, ағылшын тіл білімдерінде тұрақты тіркестерді сөз таптарының негізінде жіктеу ортақ. Бұл жөнінде зерттеуші Н.М. Тукешова фразеологизмдерді субстантив, адъективті, адвербиалды, етістікті деп ажыратады [6, 8-б.]. Зерттеуші Қ. Сарекенова фразеологизмдердің қолданылу аясына байланысты тұрақты тіркестерді үш топқа ажыратады: көнерген фразеологизмдер, пассив фразеологизмдер, актив фразеологизмдер. Архаизмге айналған тұрақты тіркестер қатарында әдет-ғұрыпқа байланысты фразеологизмдер, діни ұғымға қатысты, үй тұрмысына қатысты, мал атауына қатысты, адамға қатысты, көңіл-күйге байланысты, әр түрлі ұғымдарға қатысты фразеологизмдер танылады. Тарихи фразеологизмдер тарихи кезеңдерге байланысты, әскери атақ пен қару түрлеріне қатысты, Кеңес үкіметінің басқаруына байланысты деп ажыратылады. Бұл топтағы тұрақты тіркестер көркем шығармада көптеп қолданылады. Сонымен қатар кезең бойынша көнерген тұрақты тіркестер былайша: фольклорлық шығармаларда, көне түркі жазба ескерткіштерінде, XV-XVIII ғасырдағы жыраулар шығармаларында, XIX-XX ғасыр басындағы шығармаларда, Кеңес дәуірі тұсындағы шығармаларда кездесуіне байланысты бөлінеді. Пассив фразеологизмдер бүгінде қолданыста өте аз болуымен анықталады. Зерттеуші Қ.Сарекенова бұл топтағы тұрақты тіркестердің қазақ халқының көшпенділік дәуірінен хабар беретінін айтады. Мәселен халқымыздың өлшемге байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестері пассив фразеологизмдер қатарында танылады. Өлшемдерге қатысты тұрақты тіркестер: уақыт, көлем, ұзындық, тереңдік деп ажыратылады. Дегенмен уақытқа қатысты тұрақты тіркестердің ішінде актив қолданылатын фразеологизмдер де бар. Олар: *қас қағым, кірпік қаққанша, көзді ашып-жұмғанша, демнің арасында, табан аузында* және т.б. соматикалық тұрақты тіркестер бар [7, 206-б.]. Осы негізде мақалада уақытқа қатысты тұрақты тіркестер І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы арқылы анықталып, орыс, ағылшын тілдеріндегі уақытқа қатысты фразеологизмдермен салыстырылады.

Талдау мен нәтижелер

Мақалада уақытқа қатысты қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерді талдау І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде жүзеге асты. Көркем шығармада тұрақты тіркестер кеңінен қолданылады. Туындыда тұрақты тіркестер бірнеше қызметті атқарады. Ең негізгісі ұлттық танымнан, халықтың дүниетанымынан хабар береді.

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында уақытқа қатысты тұрақты тіркестер түрліше қолданыс тапқан. «Екі бие сауымындай мезгіл, оған тек Арғын биі Ақжол ғана төтеп берген» [8, 51-б.], - деген үзіндіде «екі бие сауымындай» уақытқа қатысты фразеологизм қолданылған. Халқымыздың шаруашылығы төрт түлік малмен байланысты болғандықтан тұрақты тіркестердің бірқатар тобы төрт түлік малмен, оның шаруашылығы негізінде қалыптасқан. І. Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінде «бие сауымдай уақыт» тұрақты тіркесі бір сағат мерзіміндегі уақытты білдіреді [9, 119-б.]. Орыс тілінде берілуі: «Некоторое время, равное промежутку между двумя дойками кобылицы, противостоял ему знаменитый аргынский военачальник Акжол-бий» [10, 48-б.]. Ағылшын тілінде берілуі: «For some time, equal to the period between two milkings of a mare, the famous Argyn military leader, Akzhol-Biy, was offering resistance to him» [11, 64-б.]. Үзіндіде берілген «Екі бие сауымындай мезгіл» деген тұрақты тіркес қазақ тілінде 1-1,5 сағат ұғымын білдірсе, орыс және ағылшын тілінде берілуі түпнұсқадан тура аударылған. Бұған себеп тілде сөйлеушілердің тілдік қолданысында мұндай фразеологиялық өлшем бірлігі болмағандықтан, оларға уақытын түсіндіріп 1-1,5 сағаттық ұзақтық екені балама мағына аясында жүзеге асқан.

«Тағы бір сүт пісірімдей кез өткенде шаң астынан қалың қол көрінді» [8, 246-б.], - мұндағы берілген тұрақты тіркес «бие сауымдай» уақыттан тез. «Сүт пісірімдей» уақыт І. Кеңесбаевтың айтуынша, ширек сағаттың шамасы [9, 478-б.]. Зерттеуші А.И. Васильев И.А. Бунин шығармашылығы негізінде жасалған тұрақты тіркестер сөздігінде бірнеше уақыт жайлы фразеологизмдер бар [12, 167-б.]. «Бие сауымындай уақыт» тұрақты тіркесімен мағыналас «до гробовой доски», «время от времени», «то и дело», «много воды утекло» фразеологизмдері кездеседі. Қазанда қайнап жатқан сүттің пісуі тез болғандықтан, жылдам, тез деген уақыттың өлшемін беру үшін қалыптасқан тұрақты тіркес. Орыс тілінде берілуі: «Он рос на глазах, стремительно приближаясь, и вдруг из этой пыли выехали всадники» [13, 226-б.]. Мұндағы «сүт пісірімдей» уақыт қалың қолдың, жаудың көрінуін сипаттау үшін қолданылған. Ал ағылшын тілінде берілуі «кенеттен» деген үстеу арқылы орыс тілінен аударылған, swift as thought идиомасы арқылы өте тез уақытты көрсету үшін қолданылған. «It was approaching precipitously, growing visibly before everyone's eyes, and suddenly, riders emerged out of that dust» [11, 278-б.].

«Бөрік астынан бөрі шыққан дүрбелең заман, «тағы не болып қалды?» деп, әскер басында келе жатқан Қасым мен серіктері құйындата шапқан салт аттыға қобалжи қарады» [8, 310-б.], - дегенде «бөрік астынан бөрі шыққан дүрбелең заман» тұрақты тіркесі кездеседі. Бұл сол кезеңнің қиын, тартысқа толы екенін жеткізу үшін авторлық позициясымен қолданылған. Ағылшын тілінде берілуі мынадай: «It was clear that he was hurrying to tell them something important. Sultan Kasym and his companions grew anxious: anything could be expected at such a moment» [11, 346-б.]. Бұндағы «дүрбелең заман» тұрақты қолданысы ағылшын тілінде «such a moment» деп берілген.

Шығармада соматикалық фразеологизмдер де кездеседі. «Көзді ашып-жұмғанша, Бұхара әміршісінің астындағы ақ боз сәйгүліктің кекілінде отырған ақ тұрымтай жалп етіп жерге ұшып түсті» [14, 76-б.]. Ағылшын тілінде берілуі: «With these words, the batur drew his bow with lightning speed and shot his terrible arrow» [15, 25-б.]. Берілген үзіндіде «көз» сөзінің қатысуымен жасалған «көзді ашып-жұмғанша» тұрақты тіркесі лезде, жылдам орын алған оқиғаны сипаттайды.

Сонымен бірге «демнің арасында», «қас пен көздің арасында» сынды тұрақты тіркестер де бар. «Қас қаққандай уақыт өткенше ол камалға таяй түсті де, кенет кілт бұрылып кейін ұшты» [14, 77-б.], - дегендегі «қас қаққандай» тұрақты тіркесі тез, жылдам мағынасын білдіреді. Орыс тілінде берілгенде: «Едва эмир повернул коня и двинулся вдоль стены, как кобчик стремительно взлетел ввысь» [10, 392-б.]. Мұндағы берілген тұрақты тіркеске орыс тілінде беретін балама мағынасы қолданылған. Ағылшын тілінде берілуі: «No sooner had the

emir turned his horse to ride along the wall, than the falcon soared heavenward. But then, the fidgety bird once again flew towards the fortress» [15, 45-б.]. Ағылшын тілінде берілген үзіндіде «қас қаққандай» фразеологизмі мағына жағынан мезгіл үстеу арқылы жасалған.

Төрт түлікке қатысты тұрақты тіркес мына үзіндіде былайша берілген: «Бие сауымындай кеңесіп үлкендер қауымының шешкені мынау болды: Табын көшіне енді бұл арада қалуға болмайды, бала-шағаны қырып алмас үшін, тоқ етер шешімге келгенше қалың ел осыдан күншілік жердегі Мұғалжар тауының батыс саласындағы ну жыңғылға көшіп, әзірге бой тасалай тұрғаны жөн» [16, 61-б.], - дегенде «бие сауымындай» тұрақты тіркесі қолданыс тапқан. Бұндай уақыт мерзімі шығармада ақсақалдар қауымының ойласқан, шешім табуға тырысқан уақытын көрсетеді. Ағылшын тілінде берілуі: «Every one of the old men briefly voiced his point of view and their opinions coincided. The only choice for the Tabyn kin was to engage the enemy» [15, 53-б.]. Ағылшынша нұсқасында briefly деп аз уақытта үлкендердің бір шешімге келгенін көрсеткен. Осылайша уақытқа қатысты тұрақты тіркес балама мағына арқылы ағылшын тілінде берілген.

Сонымен қатар шығармада «ай» сөзімен жасалған тұрақты тіркес те кездеседі: «Бүгін түнде ай бойы әр күні айдай созылып, әбден сары жамбас болып құшбегінің рабат сарайында күтіп жатқан Қасым төренің балалары Есенгелді, Саржан мен Шұбыртпалы Ағыбай бастаған жиырма жігіттің тағдыры шешілмек...» [16, 63-б.]. Ұзақ уақытқа созылған оқиғаның бейнеленуі «әр күні айдай созылып» тіркесі арқылы күрмеуі қиын мәселенің шешілмегенін, ойға алған нәрсеге кірісудің ұзақ мерзімді алатынын көрсетеді. Сонымен бірге «сары жамбас болып» тұрақты тіркесі ұзақ күту мағынасын білдіреді. Ағылшын тілінде берілуі: «Did Esengeldy and Sarzhan, sons of Kasym-Tyure and grandsons of Khan Ablai, feel that? Accompanied by Warrior Shubyrtpaly-Agibai and twenty horsemen, they have been staying in the rabat of the kush-begi for a whole month, waiting in an agony of suspense for a response to their proposals» [15, 478-б.]. Ағылшын тілінде берілуінде сөйлемдегі мағына сақталған, дәлірек бір айдай уақыт күткені көрсетілген, бірақ қазақ тіліндегі эмоциялық бояу берілмеген.

Құрамында сары түсі бар фразеологизмдер қазақ тілінде әр түрлі ауыспалы мағыналарда кездессе, ал орыс және ағылшын тілдерінде сирек кездеседі. Сары түсі қазақ тілінде жас балаға «сары мойын, сары ауыз балапан» және орыс тілінде жаңадан ересек өмірді бастаған жас, тәжірибесіз адамға «желторотый птенец» деген фразеологизмдер қолданысында ұқсастық байқауға болады. Қазақ фразеологизмдерінде сары атауымен тіркескен тұрақты қолданыстарды жас ерекшеліктеріне байланысты мысалдарды келтіруге болады. «Сары ауыз» өте жас, жетілмеген мағынасын білдірсе, «сары жілік» деп орта жастағы кісіні, ал әйел адамдарды «сарыкідір әйел» деп атаған.

Көп халықтарда сары түсі сонымен қатар уайым-қайғының белгісі болып есептеледі, қазақтарда «сары уайымға салыну, сары төсек» деген тіркестерде негативті мағына білдіреді. Сол сияқты орыс тілінде де бұл мағыналас тіркестерде ұқсастықтар байқалады, мысалы «желтый дом», «желтая вода», «желтое пятно» орыс тілінде ауру атауларына қатысты немесе аурухана атымен байланыстырылған.

Сары түс көп елдерде сәттілік немесе үміт түсі боп есептелген, мысалы Канада мен АҚШ-та соғысқа кеткен жақындары үйіне тірі оралсын деген үмітпен үйдің қабырғасына сары бау таққан екен. Сонымен қатар Еуропа, АҚШ-та сары түс нәзіктікпен байланыстырылса, кейде қанағатсыздық пен екіжүзділікті білдірген.

Ұзақ уақыт күту мағынасын білдіретін фразеологизмдер А.И. Васильев зерттеуінде: «долго ли коротко ли», «времен царя гороха», «до гробовой доски», «много воды утекло» деп берілген [12, 168-б.]. Соматикалық фразеологизм ретінде танылатын «сары жамбас болу» тұрақты тіркесі орыс тілінде де қалыптасқан фразеологизмдермен мағыналас екенін көреміз.

«Бұл кеңес біткеннен кейін, сүт пісірімдей мезгіл өтер-өтпесте, қасында қару-жарақты елу жігіті бар Тайман батыр хан ауылынан күншығыс жаққа қарай қиялап шыға берді» [14,

149-б.], - дегенде сүт пісірімдей уақыт тұрақты тіркесі қолданылып, кеңестен соңғы жылдам орын алған оқиғалар легі суреттелген. Ағылшын тіліндегі аудармада «сүт пісірімдей уақыт» фразеологизмі «after not enough time for a woman to milk a mare» деп қолданылған, ол ағылшын тілді оқырманға түсініксіз болуы мүмкін. Себебі «әйелдер бие сауып келген уақыт» деп аударылған тіркестен оқырман ешқандай уақыт ұзақтығын байқай алмайды. «Quite soon - after not enough time for a woman to milk a mare, two dozen horsemen stealthily went through the riverside reeds and shot off into the steppe. Taiman-Batyr, face hidden in a bashlyk cowl, was riding in front» [15, 52-б.].

«Әкелі-баланың оңаша әңгімелескеніне бие сауымынан артық мезгіл өтті. Қабақтары жабыңқы, түстері солғын» [14, 168-б.], - дегенде «бие сауымындай» тұрақты тіркесін пайдалана отырып, әкесі мен баласының ұзақ уақыт сөйлесіп, оңды нәтижеге жете алмағаны аңғарылады. Ағылшын тілінде берілуі: «Today, they conversed with each other for a long time, and both were cheerless» [15, 61-б.]. Осылайша қазақ тілінде берілген мағына ағылшын тілінде тура мағынасында берілген. Қазақ, ағылшын тілінде берілуін салыстырсақ, уақыт ұзақтығы айқын көрінеді.

«Көзді ашып-жұмғандай мезгіл өткен жоқ, басына орамал байлап алған салт аттының біреуі қараша ауылға қарай бұрылды да, ал далбағай киген, түйе жүн шекпенді мұрттысы Абылайдың жанына келіп тоқтады» [14, 220-б.], - дегенде «көзді ашып-жұмғанша» тұрақты тіркесі қолданылып, лезде орын алған оқиға баяндалады. Ағылшын тілінде берілуі: «As they came nearer, the men split up. One horseman, with a simple white bandana on his head, rode off toward the tulenguts, while the other, wearing a white camel jacket and a hood, reined in his horse at Ablai's feet» [15, 62-б.]. Қазақ және ағылшын тілдерінде берілуін салыстыра отырып, уақытқа қатысты тұрақты тіркес балама мағынада берілгенін көреміз.

«Көшпенділер» трилогиясында қолданылған уақытқа қатысты фразеологизмдерді қарастыра келе пассив қолданыстан гөрі бүгінгі таңда актив қолданылатын тұрақты тіркестерді кездестіреміз. Көркем шығармада тұрақты тіркестер лезде, жылдам орын алған оқиғаларды, сол кезеңдердегі күрмеуі қиын мәселелердің біраз уақыт алғанын баяндау мақсатында қолданылған. Осы негізде қазақ тілінде уақытқа қатысты тұрақты тіркестердің жасалу жолдары: төрт түлікке қатысты (бие сауымдай уақыт, сүт пісірім уақыт), адам дене мүшесіне қатысты (көзді ашып-жұмғанша, қас қаққандай), аспан денелерінің қатысуымен (әр күні айдай созылып) сынды тұрақты тіркестер кездеседі. Көркем шығармада қазақ хандығының үш ғасырдан астам кезеңі бейнеленіп, ондағы аласапыран заман сомдалған. Осыған сәйкес тұрақты тіркестер де әр кезеңдегі орын алған оқиғаларды суреттеу мақсатында қолданыс тапқан.

I. Кеңесбаевтың тұрақты сөздер тіркесінде уақытқа қатысты мынадай тіркестер бар: «демнің арасында», «көзді ашып-жұмғанша», «кірпік қаққанша», «қас пен көздің арасында», «аузын жиганша», «ә дегенше», «көзден ғайып болды», «қабақ қаққанша», «қабақ қақтырмай», «қас қағымда», «сол бойда», «табан астында», «апақ-сапақ ақшамда», «бесін ауды», «бие сауымдай уақыт», «сүт пісірім уақыт» [9, 465-б.].

Ендігі кезекте орыс тіліндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестерді қарастырсақ. Зерттеуші М.Э. Игнатьева орыс тіліндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестерді мағыналық жағынан былай топтастырған: «дәл уақытында («своевременность»)», «белгілі бір уақыт аралығы (промежуток времени)», «тез», «баяу» және т.б. Мәселен «тез», «жылдам» мағыналық топтарында мынадай тұрақты тіркестер анықталады: «одним духом», «в два счета», «в мгновение ока», «в минуту», «в момент», «в один» [17, 19-б.], - деген тұрақты тіркестер бар. Зерттеуші ұсынған «белгілі бір уақыт аралығы» топшасында: «бархатный сезон», «бабье лето» деген тіркестер танылады. Сонымен бірге уақытқа қатысты тұрақты тіркестер қатарында «секунда в секунду», «в самый аккурат», «черный день», «черный год» және т.б. тіркестер анықталады. Бұндағы берілген тұрақты тіркестер белгілі бір уақыт

аралығында орын алғанын оқиғаның бағалаушылық сипат арқылы бейнеленетінін көрсетеді. Мәселен «Көшпенділер» трилогиясында «аласапыран заман» тіркесі қолданылған. Бұл өз кезегінде қиын да күрделі кезең орын алғанын, сол замандағы халық үшін қиындығы мол уақыт болғанын көрсетеді. Шығармада былай берілген: «Шырағым, ел тыныштығын жоғалтқан бір аласапыран заман болып кетті емес пе, - деді ақсақал уһілеп, - жылы-жылы сөйлесе жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесе мұсылман діннен шығады» [16, 164-б.], - деген тіркес арқылы сол кезеңдегі тарихи, саяси оқиғаларды бағалаудан қалыптасқан.

Зерттеуші М.Э. Игнатьева орыс тіліндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестерді «баяу» топшасына ажырата отырып, мынадай фразеологизмдер қатарын анықтайды: «как сонная муха», «черепашьим шагом», «время от времени», «в кои-то веки», «по обещанию» және т.б. [17, 21-б.]. Орыс тіліндегі тұрақты тіркестер уақытқа байланысты мағыналық топтарға «тез», «баяу», «белгілі бір уақыт аралығы», «дәл уақытында» деп топтастыру арқылы этнос танымында соматикалық, түр-түс атауларына байланысты фразеологизмдер танылатынын көреміз.

Ағылшын тілінде қалыптасқан уақытқа қатысты фразеологизмдер қатары мынадай: *actual time on a clock, a particular time point, a period of time, this time of year, question time, a long period of time* және т.б. Ағылшын тілінде уақытқа қатысты фразеологизмдер мынадай семалар айқындай түседі: clock, point, period, occasion, money, resource, commodity, person. Зерттеуші Ә.К. Тоқтанова қазақ және ағылшын тілдеріндегі уақытқа, кеңістікке, өлшемге қатысты тұрақты тіркестерге ұйытқы болған сөздерді ажыратып көрсетеді. Қазақ тілінде уақытқа қатысты тұрақты тіркестердің қалыптасуына ұйытқы болатын сөздер: көз, ауыз, аяқ, иек, қас. Қазақ халқының көшпенді тұрмысы мен мал шаруашылығына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер айқындай түседі. Ал ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер қатарының қалыптасуы жайлы Ә.К. Тоқтанова халықтың егіншілікпен, майдан даласымен байланысты екенін айтады. Сонымен бірге hand, neck, eye сөздерінің қатысуымен тұрақты тіркестер жасалып, белгілі бір уақыт мерзімін білдіреді [18, 206-б.]. Ағылшын халқында «time is money» тұрақты тіркесі уақыт жайлы өзгеше фондық білімді көрсетеді. Ағылшын халқының мәдениетінде уақытқа қатысты экономикалық көзқарас қалыптасқанын, қазақ, орыс халықтарының тұрақты тіркестері қатарында кездеспейтінін көреміз.

Зерттеуімізде қазақ, орыс, ағылшын халықтарындағы уақытқа қатысты фразеологизмді талдау басты мақсат болғандықтан, үш тілге ортақ семаларды (интегралды, дифференциалды) ажыратып көрсету қажеттілігі туындайды. Осы негізде ең алдымен қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер қатарын анықтап алсақ. Аталған мақсат негізінде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестер қатары кестеде берілген (1-кесте).

1-кесте – Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі уақытқа қатысты фразеологизмдер

Қазақ тіліндегі уақытқа қатысты фразеологизмдер	Орыс тіліндегі уақытқа қатысты фразеологизмдер	Ағылшын тіліндегі уақытқа қатысты фразеологизмдер
Бие сауымдай уақыт, сүт пісірім уақыт, көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында, көзден ғайып болды, аласапыран заман, табан астында, көз ілеспеу, ауыз жиғанша, аяқ астынан, қабак қаққанша, қас қаққанша және т.б.	В свое время, рано или поздно, не за горами, к шапочному разбору, испокон веков, время от времени, много воды утекло с тех пор, в мгновение ока, одним махом, не по дням, а по часам, как одна минута, как ошпаренный, одна нога здесь, другая там, на носу, сей момент, руки не доходят, ни минуты покоя и др.	To eat someone's hands, hand over first, to get it in the neck, neck and crop, as far as legs can, in the twinkling of an eye, like sixty, at the eleventh hour, time flies, actual time on a clock, a particular time point, a period of time, this time of year, question time, a long period of time, time after time, time on your hands and etc.

Мұндағы берілген тұрақты тіркестер қатары ұлттық құндылықтар, мәдени ассоциация, фондық білім негізінде әр этнос танымына жақын анықталады. Қазақ халқы үшін «бие сауымдай уақыт», «сүт пісірім уақыт» немесе діни сипаттағы «бесін ауғанда» сынды тұрақты тіркестер халқымыздың көшпенді салтын, төрт түлікпен байланысты тұрмысын көрсетеді. Бұл тұрғыда қазақ халқының фразеологизмдері халықтың ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқандығын байқаймыз.

1-кестедегі мысалдардан байқағанымыздай, орыс халқында уақытқа қатысты тұрақты тіркестерде көз, қол, аяқ атаулары, сонымен қатар секунд, минут, ғасыр сынды уақыт бірліктері; ағылшын тілінде уақытқа қатысты тұрақты тіркестерде де дене мүшелері атаулары; сан есімдер қолданылған. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестерге ортақ ұғым дене мүше атауларымен байланысты қалыптасқанын көреміз. Осыған сәйкес салыстырмалы әдіс арқылы әр халықтың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы арқылы, тіпті экономикалық деңгейі де фразеологизмдердің қалыптасуына әсер ететіні байқалады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ерекшелігі уақыт ұғымы күнделікті тұрмыстық процестерден, көшпелі өмір салтынан көрініс табады. Орыс тілінде уақыт тағдыр, өнегеге қатысты көрсетіледі. Ағылшын тілінде уақыт ресурс және құндылық ретінде қарастырылып, көп фразеологизмдер жылдамдықпен, уақытты басқару мен жоғалту мағыналарында қолданылады. Фразеологизмдер арқылы әр халықтың уақыт ұғымын қалай қабылдайтыны көрсетіліп, әр мәдениетке тән ұлттық ерекшеліктер танылады. Ұлттық ерекшелік салт-дәстүрлерден, халықтың өмір салты мен дүниетанымынан көрінсе, ал мәдени код ғалым А. Салқынбай айтқандай, «Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте» [19]. Қазақ танымы мен мәдениеті арқылы қалыптасқан фразеологизмдер ұлттық кодтың негізі болып табылады.

Тұрақты тіркестерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде салыстыру арқылы семалық ерекшеліктерін де айқындап өтуіміз қажет. И.А. Стернин «Значение слова и его компоненты» зерттеу еңбегінде семаның сөздің мағыналық (денотаттық) ерекшелігі екенін айтады [20, 10-б.]. Семалар өз ішінде интегралды және дифференциалды деп ажыратылады. Интегралды семалар мағыналас тұрақты тіркестерді көрсетеді. Дифференциалды тіркестер мағынасы алыс тұрақты тіркестердің мағыналық ерекшеліктерін көрсетеді. Аталған негізде уақытқа қатысты қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерге тән интегралды сема қатары мынадай: дене мүшелеріне қатысты атаулар, нақтырақ, көз, қол, аяқ. Дифференциалды сема қатары: тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрыпқа байланысты қалыптасқан атаулар. Интегралды, дифференциалды сема қатары кестеде берілген (2-кесте).

2-кесте – Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестерге тән мағыналық семалар

Интегралды сема	Дифференциалды сема
Көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында, қас қаққанша	Бие сауымдай уақыт, сүт пісірім уақыт, сары жамбас, аласапыран заман
В мгновение ока, одним махом, не по дням, а по часам, как одна минута, как ошпаренный, одна нога здесь, другая там, на носу, сей момент, руки не доходят	Как сонная муха, черепаший шагом, время от времени, в самый аккурат, черный день, черный год, до гробовой доски, время от времени, «то и дело, много воды утекло»
Neck and crop, as far as legs can, in the twinkling of an eye, like sixty, at the eleventh hour, time flies, actual time on a clock	Time is money, a particular time point, a period of time, this time of year, question time, a long period of time

Мұндағы берілген интегралды сема мен дифференциалды сема әр тілге тән мағыналық ерекшеліктерді айқындап, фондық білімді терең түсінуді қажет етеді. Осылайша қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестер қатары фондық білімді қажет ететін мәдени код екенін анықтай түсеміз.

Қорытынды

Қорытындылайтын болсақ, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестер мағыналық жағынан интегралды және дифференциалды семаларға ажыратылып, ондағы фондық білім мен мәдени кодтың маңыздылығы айқындалды. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестер І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романы негізінде қарастырылды. Шығармада анықталған уақытқа қатысты тұрақты тіркестер қатары орыс, ағылшын тілдеріндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестермен салыстырылды. Зерттеу нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды:

1. Уақытқа қатысты қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестер дене мүшелеріне байланысты интегралды сема деп анықталды. Бұл дегеніміз қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, халық дүниетанымында уақытқа қатысты тұрақты тіркестердің соматикалық фразеологизмдердің молдығын көрсетеді.

2. Тұрақты тіркестерді түсіну, соның ішінде дифференциалды сема арқылы анықталатын тұрақты тіркестер қатарын толық деңгейде түсіну фондық білім негізінде жүзеге асады.

3. Уақытқа қатысты тұрақты тіркестер мәдени код деңгейінде ұлттық дүниетаным, тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып мағыналарын айқындайды.

Мақала нәтижесінде қазақ, орыс, ағылшын халықтарына тән уақытқа қатысты тұрақты тіркестер қатары анықталып, өзара салыстыру әдісімен мәдени код ұғымы аясында талданды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мынбаева А., Кудасбекова А. Лингвистикалық кеңістіктегі мәдени код пен тілдік код // Абай ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2021. – №4 (74). – Б. 127–131. <https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.27>
2. Черданцева Т.З. Идиоматика и культура // Вопросы языкознания. – 1996. – №1. – С. 58–70 <https://vja.ruslang.ru/ru/archive/1996-1/58-70>
3. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
4. Арынбаева Д.Ж., Байғұтова Д.Н., Құрбанов А.Г. Д. Исабеков шығармаларындағы фразеологизмдердің ұлттық коннотациясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2(132). –Б. 102–114. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47>
5. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Елтаным, 2020. – 256 б.
6. Тукешова Н.М. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі антоним компонентті фразеологизмдер (салғастырмалы талдау) // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №2 (110). – Б. 6–1. <https://doi.org/10.31489/2023ph2/6-12>
7. Sarekenova K. Kazak dilindeki deyimlerin kullanim ozellikleri // TURKISH WORLD / Journal of Language and Literature. – 2018. – №46. – P. 197–214. <https://doi.org/10.24155/tdk.2018.87>
8. Есенберлин І. «Алмас Қылыш» (Көшпенділер – 1). – «І. Есенберлин атындағы қор», Әдеби КЗ, 2004. – 339 б.
9. Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 б.
10. Есенберлин И. Кочевники / ред. Баянбаев Р.М. – Алматы: ИД «Кочевники», 2013. – 928 с.
11. Esenberlin I. The Nomads. Book 1. The charmed sword. – Almaty: APPB, 2015. – 378 p.

12. Васильев А.И. Фразеологический словарь языка И.А. Бунина. – Елец: Елецкий государственный университет им. И.А. Бунина, 2011. – 400 с.
13. Esenberlin I. The Nomads. Book 2. Despair. – Almaty: APPB, 2015. – 380 p.
14. Есенберлин І. «Жанталас» (Көшпенділер – 2). – «І. Есенберлин атындағы қор», Әдеби КЗ – 2004. – 336 б.
15. Esenberlin I. The Nomads. Book 3. Khan Kene. – Almaty: APPB, 2015. – 378 p.
16. Есенберлин І. «Қаһар» (Көшпенділер – 3). – «І. Есенберлин атындағы қор», Әдеби КЗ, 2004. – 432 б.
17. Игнатъева М. Э. Отражение времени и пространства во фразеологии русского и английского языков: автореф. ... канд. филол. наук. – Казань, 2004. – 24 с.
18. Тоқтанова Ә. К. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген фразеологизмдерге ұйытқы болған сөздер // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – №4 (134). – Б. 204–207.
19. Біртұтас ұлт болу қадамы. [Электронды ресурс]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/43300> (қаралған күні 15.05.2025)
20. Стернин А.А. Значение слова и его компоненты: методическое пособие. – Берлин: Директ-Медиа, 2015. – 228 с.

REFERENCES

1. Mynbaeva A., Kudasbekova A. Lingvistikalıyq kenistiktegi madeni kod pen tildik kod [Cultural code and language code in the linguistic space] // Abai QazUPU Habarshysy, «Filologia gylymdary» seriasy. – 2021. – №4 (74). – B. 127–131. <https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.27> [in Kazakh]
2. Cherdanceva T.Z. Idiomatika i kultura [Idiomatics and culture] // Voprosy iazykoznanıa. – 1996. – №1. – S. 58–70 <https://vja.ruslang.ru/ru/archive/1996-1/58-70> [in Russian]
3. Telia V.N. Russkaia frazeologia. Semanticheskiy pragmaticheskiy i lingvokulturologicheskiy aspekty [Russian phraseology. Semantic pragmatic and linguocultural aspect]. – M.: Iazyki russkoi kulture, 1996. – 288 s. [in Russian]
4. Arynbaeva D.Zh., Baigutova D.N., Qurbanov A.G. D. Isabekov shygarmalaryndagy frazeologizmderdin ulttyq konnotaciasy [National Connotation of Phraseology in the Works of D. Isabekov] // Iasauı universitetinın habarshysy. – 2024. – №2(132). – B. 102–114. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.47> [in Kazakh]
5. Smagulova G. Qazaq frazeologiasy lingvistikalıyq paradigmalarda: monografiya [Kazakh phraseology in linguistic paradigms: monograph]. – Almaty: Eltanym, 2020. – 256 b. [in Kazakh]
6. Tukesheva N.M. Agylyshyn zhane qazaq tilderindegi antonim komponentti frazeologizmden (salgastyrmaly taldau) [Antonym component phraseology in English and Kazakh languages (comparative analysis)] // Qaragandy universitetinın habarshysy. Filologia seriasy. – 2023. – №2 (110). – B. 6–1. <https://doi.org/10.31489/2023ph2/6-12> [in Kazakh]
7. Sarekenova K. Kazak dilindeki deyimlerin kullanim ozellikleri [Features of idioms in Kazakh language] // TURKISH WORLD / Journal of Language and Literature. – 2018. – №46. – P. 197–214. <https://doi.org/10.24155/tdk.2018.87> [in Turkish]
8. Esenberlin I. «Almas Qylysh» (Koshpendiler – 1) [Diamond Sword] (Nomads - 1)]. – «І. Есенберлин атындағы қор», Адеби КЗ, 2004. – 339 б. [in Kazakh]
9. Kenesbaev I.K. Qazaq tilinın frazeologialıyq sozdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty, Qazaq SSR-nıń «Gylym» baspasy, 1977. – 712 b. [in Kazakh]
10. Esenberlin I. Kochevniki [The Nomads] / red. Bajanbaev R.M. – Almaty: ID «Kochevniki», 2013. – 928 s. [in Russian]
11. Esenberlin I. The Nomads. Book 1. The charmed sword. – Almaty: APPB, 2015. – 378 p.
12. Vasiliev A.I. Frazelogicheski slovar iazyka I.A. Bunina [Phraseological dictionary language I.A. Bunin]. – Elec: Elecki gosudarstvennyi universitet im. I.A. Bunina, 2011. – 400 s. [in Russian]
13. Esenberlin I. The Nomads. Book 2. Despair. – Almaty: APPB, 2015. – 380 p.
14. Esenberlin I. Zhantalas (Koshpendiler – 2) [“Zhantalas” (Nomads – 2)]. – «І. Есенберлин атындағы қор», Адеби КЗ – 2004. – 336 б. [in Kazakh]

15. Esenberlin I. The Nomads. Book 3. Khan Kene. – Almaty: APPB, 2015. – 378 p.
16. Esenberlin I. «Qahar» (Koshpendiler – 3) [“Qahar” (Nomads – 3)]. – «I. Esenberlin atyndagy qor», Adebі KZ, 2004. – 432 b. [in Kazakh]
17. Ignatieva M.E. Otrazhenie vremeni i prostranstva vo frazeologii russkogo i angliskogo iazykov: avtoref. ... kand. filol. nauk [Reflection of time and space in the phraseology of the Russian and English languages: abstract]. – Kazan, 2004. – 24 s. [in Russian]
18. Toqtanova A.K. Qazaq zhane agylshyn tilderindegi uaqyt, kenistik, olshemge negizdelgen frazeologizmderge uiytqy bolgan sozder [Words that are the source of phraseological units based on time, space, size in the Kazakh and English languages] // QazUU Habashysy. Filologia seriasy. – 2011. – №4 (134). – B. 204–207. [in Kazakh]
19. Birtutas ult bolu qadamy [A step towards becoming a unified nation]. [Electronic resource]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/43300> (date of access 15.05.2025) [in Kazakh]
20. Sternin A.A. Znachenie slova i ego komponenty: metodicheskoe posobie [The meaning of the word and its components: methodical guide]. – Berlin: Direkt-Media, 2015. – 228 s. [in Russian]